ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК

CRB construction

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Мкр. ЗАБАДАМ, АК ЖАУЫН көшесі, 643
ИИК KZ668210239812195969 KZT, АО «BankRBK» Шымкент қ., ИИК KINCKZKA, БИН 010740010102

10.04.2024 ж. №05-С шығыс хаты

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесіне

"Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жариялаған конкурстың № 11803592-1 және қорытындылар туралы хаттама № 11803592-ОК1

Конкурстың атауы: **“Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы" КММ үшін Алматы қ. жеңіл рельсті көліктің (ЖРТ) бірінші желісінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге.**

“CRB Construction” ЖШС-нің осы аталған конкурстың нысанасына сәйкес, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жылдағы жұмыс тәжірибесі өтінімде растайтын құжатпен қоса ұсынылғанын мәлімдейміз.

Осыған байланысты, конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарау кезінде есептелген шартты жеңілдік өлшемшартты негізсіз қолданған шешімімен келіспейміз.

Қағиданың 246-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Қағиданың 248-тармағына сәйкес, егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Қағиданың 249-тармағына сәйкес, Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Заңының талаптарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тиісті шаралар қабылдауды сұраймын.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында:

- Қазіргі өтпелі кезеңде мемлекеттік органдардың кемшілікке жол беретіні, кейде асыра сілтейтіні жасырын емес
- заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын

шекті анықтайтын әділ механизм енгізу қажет

- Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз
- Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек
- Тағы да қайталаймын: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды

деп атап айтты.

Осыған байланысты конкурсты ұйымдастырушы "Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бассыздық, арсыздық әрекетіне тосқауыл жасауды сұраймыз және шарт жасасу мерзімін тоқтатып, аталған конкурсты қайта қарап, шартты жеңілдік мөлшерін әділетті түрде дұрыс есептеуін сұраймыз.

Аталған арыз-шағым заң аясында орындалмаған жағдайда, ҚР Президентіне тікелей шағымданатымызды мәлімдейміз.

Директор ТОО «CRB Construction» Ержанова М.Л.